

«БЕКІТЕМІН»

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің
проректоры, PhD, Е. Оңғар

« 27 » « 01 » 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ

Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001- 07-2025


Қызмет бабында пайдалану үшін

Алматы 2025

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 2 беті

1. ӘЗІРЛЕГЕН: Заңгер
2. ЕНГІЗІЛДІ: 27 « 01 » 2025ж. бекітілді және қолданысқа енгізілді.
3. ТЕКСЕРІЛУ МЕРЗІМІ: 2028 ж.

Келісілді:

Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі  Ш.Әділбаева

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		<i>НҚЖ- Нұр-Мұбарак</i>
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	<i>ЕИМУ -001-7-2025</i>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 3 беті

1. Қолдану саласы

1.1. Бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (бұдан әрі – Стандарт) Жеке мекеме Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (бұдан әрі – Университет) қызметінде, білім алушылардың, Университеттің және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде қолданылады.

1.2. Стандарттың ережелері мен талаптарын орындау Университеттің құрылымдық бөлімшелері, лауазымды тұлғалар, барлық қызметкерлер мен білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

1.3. Стандартта көрсетілген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу шаралары мен әдістері толық емес болып табылады.

1.4. Стандарт талаптарын орындамау қызметкерді немесе білім алушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз болуы мүмкін және кейбір жағдайларда азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікті туындатуы мүмкін.

1.5. Стандарттың қызметкерлер мен білім алушылар тарапынан орындалуын бақылауды Университеттің заңгері, факультет декандары мен құрылымдық бөлімше басшылары жүзеге асырады.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер мен олардың анықтамалары берілген:

- АБП – әкімшілік-басқару персоналы;
- ҚП – құжатталған процедура;
- Көшіру – әртүрлі бағалау мен талаптар аясында бір жұмысты қайта ұсыну, соның ішінде оны толық немесе жартылай өз еңбегі ретінде көрсету, егер бұл жұмыс бұрын басқа курста бағаланған болса және профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) алдын-ала рұқсатынсыз ұсынылса. Бұл ереже, тіпті жұмыс авторының өзі болған жағдайда да қолданылады;
- «Нұр-Мұбарак» ЕИМУ – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті;
- Конфиденциалды (құпия) ақпарат – үшінші тұлғаларға белгісіздігіне байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылыққа ие, оған қолжетімділік заңды негізде шектелген және оның иесі құпиялығын қорғау шараларын қабылдайтын кез келген ақпарат, соның ішінде қызметтік ақпарат. Құпия ақпарат болып табылатын мәліметтер қолданыстағы заңнамаға және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес анықталады;
- Мүдделер қақтығысы – Университет қызметкерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке мүддесі оның өз қызметтік міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;
- Комплаенс-тәуекелдер – Қазақстан Республикасының заңнамасының немесе Университеттің ішкі құжаттарының талаптарын сақтамау қауіптері;
- Корпоративтік мәдениет – Университетке тән құндылықтар, қағидалар, мінез-құлық нормалары және қарым-қатынастар жиынтығы.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 4 беті

- Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, соларға теңестірілген тұлғалардың немесе лауазымды адамдардың өз қызметтік (лауазымдық) өкілеттіктері мен олармен байланысты мүмкіндіктерін заңсыз пайдаланып, өз пайдасы немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін тікелей немесе жанама түрде мүліктік (мүліктік емес) пайда мен артықшылық алуына немесе осындай артықшылықтар мен пайданы беру арқылы оларды сатып алуға бағытталған әрекеттері;
- Жеке пайда – қызметкердің өзі, оның отбасы мүшелері, жақын туыстары және/немесе жеке мүддесі бар басқа тұлғалар, сондай-ақ қызметкермен байланысы бар заңды тұлғалар (компаниялар) үшін ақша, басқа мүлік, соның ішінде мүліктік құқықтар, мүліктік сипаттағы қызметтер немесе өзге де артықшылықтар (жеңілдіктер) түріндегі табыс алу мүмкіндігі;
- КБ – Университеттің кадр бөлімі;
- Плагиат – өзгенің еңбегінің қорғалған нәтижелерін, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және аналитикалық қызметтің нәтижелерін қасақана немесе байқаусызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе өз атына беру, сонымен қатар өзін шынайы автор ретінде көрсету арқылы басқа адамдарды жаңылыстыру әрекеті;
- Сыйлық – мүлікті немесе мүліктік құқықты (талапты) сыйлаушыға немесе үшінші тұлғаға өтеусіз беру, сыйлаушы немесе үшінші тұлғалар алдындағы мүліктік міндеттемеден босату;
- ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі, сондай-ақ алдын алу шараларын әзірлеу және енгізу қызметі;
- СБӨ – сапа жөніндегі басшылық өкілі.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шеңберінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;
- Қызметкер, жұмысшы – Университетпен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс атқаратын тұлға;
- ҚР – Қазақстан Республикасы;
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 5 беті

- Біқпалдастық – білім беру процесіне қатысушылар арасындағы өзара келісім, басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау туралы келісім;
- Жасыру – академиялық жұмыста жалған ақпаратты әдейі ұсыну туралы мәліметтерді үнсіз қалдыру немесе жасыру, деректер мен зерттеу, эксперимент нәтижелерін өзгерту, сондай-ақ зерттеу барысында алынған жалған ақпаратты ұсыну;
- Көшіріп алу (списывание) – білім алушының немесе қызметкердің өзге тұлғаның зияткерлік өнімін көшіруін білдіретін адалдыққа қайшы мінез-құлық;
- СТ – стандарт;
- ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты;
- ОКП – оқу-көмекші персонал;
- Жалғандық (фальсификация) – академиялық жазбаларды немесе басқа құжаттарды қолдан жасау; ғылыми эксперимент барысында деректерді (бақылау нәтижелерін) қолдан өзгерту, жазба нәтижелерін немесе сауалнама нәтижелерін бұрмалау; академиялық жұмыстағы қолтаңбаны қолдан жасау; академиялық жұмысты әдейі бұрмалау немесе бүлдіру.

3. Жауапкершілік және өкілеттік

3.1 Осы стандартты университет проректоры бекітеді.

3.2 Бекітілген стандарттың мазмұны, құрылымы және ресімделуі үшін комплаенс-офицер жауапты болады.

4. Жалпы ережелер

4.1 Осы Стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және Университет қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін білдіреді.

4.2 Стандарттың мақсаты – Университетте ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету. Университет қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру.

4.3 Стандарттың міндеттері:

- функционалдық міндеттерді жүзеге асыру кезінде университет әкімшілігінің, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;
- университет қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту;
- университет қызметінің тиімділігін арттыру.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 6 беті

5. Стандарт принциптері

5.1. Ақпараттық ашықтық қағидаты (ақпараттың дұрыстығы, жарияланымның уақытында болуы)

Университетте қолданыстағы заңнаманың, ҚР нормативтік актілерінің және университеттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес оқу орны, оқытушылар мен қызметкерлер туралы ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етілген:

- 1) Ресми интернет-сайтта;
- 2) азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін өңдеу, сондай-ақ осы өтініштерге ден қою;
- 3) қоғамдық кеңестердің жұмысы;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптама және құқық қолданудың қоғамдық мониторингі;
- 5) қызмет нәтижелері туралы есеп;
- 6) жоспарлардың, шешімдердің, бағдарламалардың, саясаттардың және нормативтік-құқықтық реттеудің түсінікті болуын қамтамасыз ету (олардың қажеттілігі мен жоспарланған нәтижелерін түсіндіру);
- 7) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) хабардар ету: жаңалықтарды, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты, фото - бейне есептерді жариялау;
- 8) барлық мекеме мүшелерін (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) тарту: талқылауларды ұйымдастыру, ведомствоның құжаттары мен бастамалары, жарияланған есептер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары және т. б. бойынша ұсыныстар, пікірлер мен түсініктемелер жинау;
- 9) парасаттылықты бұзу фактілері туралы хабарлаған персоналды қорғауды қамтамасыз ету.

Қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Университет құпия ақпаратты жария етпеуге, сондай-ақ заңнамада рұқсат етілген ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын пайдалануға міндеттеме алады.

Мүдделі тараптардың ақпаратқа құқықтарын жүзеге асыруда және жедел және қолжетімді ақпарат беруде Университет тиісті құлақтандыру әдістерін қолданады:

- 1) ақпараттық агенттіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты ашу;
- 2) университеттің ресми интернет-ресурсындағы жарияланымдар арқылы ақпаратты жеткізу;
- 3) баспасөз конференциялары, көпшілік алдында сөз сөйлеу және мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер кезінде хабардар ету;
- 4) ҚР заңнамасында көзделген өзге де әдістермен жүзеге асырылады.

5.2. Қол жетімділік және түсінікті болу принципі (жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар)

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 7 беті

Университет қызметінің мақсаттары, міндеттері, жоспарлары мен нәтижелері қарапайым және түсінікті түрде ұсынылады.

Түсіндірмелерді дайындау кезінде іс жүзінде маңызды ережелерді (бастамаларды, құжаттарды) барынша айқындау және түсіндіру үшін инфографика, презентациялық материалдар, бейне және аудиожазбалар, анимациялық материалдар, зияткерлік карталар және т.б. пайдаланылады.

«Қол жетімділік және түсінікті» механизмін іске асырудың әсеріне қол жеткізу үшін келесі байланыс арналары қолданылады:

1) жаппай атаусыз коммуникациялар: университеттің ресми интернет-сайты, теледидар, баспасөз, сыртқы жарнама, әлеуметтік желілер;

2) жекелеген референттік топтарға әсер етуді көздейтін атаулы коммуникациялар.

Жобаларды, жоспарларды, шешімдерді, бағдарламаларды, саясаттарды қоғамдық талқылау ұйымдастырылады.

5.3. Азаматтық қоғамды тарту принципі

Университетте қоғамдағы азаматтық белсенділікті (студенттік белсенділікті) әртүрлі нысандар арқылы, соның ішінде еріктілік пен қайырымдылық арқылы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Университеттің қоғамдық ұйымдары белсенді жұмыс істейді, олардың бірі білім беру саласындағы бұзушылықтар үшін университет қызметкерлері мен білім алушыларының тәртіптік істерін, ішкі тәртіп ережелерін, этикалық талаптар мен парасаттылық қағидаттарын қарау үшін құрылған тәртіптік комиссия болып табылады.

5.4. Есеп беру қағидаты (қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту)

Университетті басқару бойынша шешімдер қабылдау процесінде ашықтықты арттыру үшін университеттің алқалы органдарының құрамына ПОҚ және студенттік қоғамдастық өкілдерінің: Ғылыми кеңестің, Дис-комиссияның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның және т. б. қатысуы қамтамасыз етілді.

6. Жауапкершілік/Корпоративтік басқару (әріптестік шешім қабылдау, қоғам мен білім алушылардың шешім қабылдауға қатысуы)

6.1. Осы Стандартта корпоративтік басқару Университет қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылады. Бұл транспаренттілікті және есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және барлық процестерді басқарудың ашық жүйесін құру мақсатында жүзеге асырылады.

Университеттегі корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделеді. Корпоративтік басқару құрылымы Университет қызметіне мүдделі барлық тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге сүйенеді және оның табысты қызмет етуіне ықпал етеді. Бұл соның ішінде, Университет құндылығының артуына, қаржылық тұрақтылықты қолдауға, сондай-ақ білім алушылар мен

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 8 беті

қызметкерлерде адалдық қағидаттарын қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік мәдениетін дамытуға септігін тигізеді.

6.2. Корпоративтік мәдениетті дамыту, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, беделді нығайту және басқару жүйесінің жарияланымдылығын арттыру мақсатында Университетте бірқатар ішкі нормативтік құжаттар әзірленген. Оларға этика ережелері, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың Ар-намыс кодексі, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге арналған Академиялық адалдық кодексі, Сапа саласындағы саясат пен мақсаттар және басқа да ішкі нормативтік құжаттар жатады.

6.3. Әріптестік басқару органдары құрылды:

Қаржы қаражатын бөлуді және оны тиісті пайдалануды реттеу мақсатында – Қаржы комиссиясы;

Профессор-оқытушылар құрамын және әкімшілік-басқару қызметкерлерін жұмысқа қабылдау үшін – конкурстық комиссия.

6.4. Әріптестік басқару органдарының мүшелері келесі жауапкершілікті өз мойнына алады:

- 1) Университет мүдделерін барынша көрсететін өзіне жүктелген міндеттерді адал атқармау;
- 2) Университет мүлкін жеке мақсатта пайдалану;
- 3) Университет қызметіне қатысты құпия ақпаратты сақтамау, соның ішінде Университеттегі жұмысын тоқтатқаннан кейін үш жыл ішінде;
- 4) Корпоративтік мәселелер бойынша объективті емес пікірлер білдіру;
- 5) Өкілеттігін асыра пайдалану және оларға берілген мақсаттардан тыс қолдану;
- 6) Университет қызметкерлерімен және басқа да мүдделі тараптармен мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін әрекеттер жасау;
- 7) Өз өкілеттіктері мен функцияларын тиісінше орындамау;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университет Жарғысына және оның ішкі құжаттарына қайшы келетін іс-әрекеттер жасау.

6.5. Әріптестік басқару органдарының қызметі олардың қарастыратын мәселелерін нақты айқындайтын ережелермен реттеледі.

6.6. Әріптестік басқару органдарының мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін, құқықтарын және қабылданатын шешімдер үшін жауапкершіліктерін білуге міндетті.

6.7. Стандартты сақтауға дайындықты көрсету:

- Университетте бизнес-процестердің ашықтығын реттейтін әзірленген құжаттар Стандартты сақтауға дайындықтың айқын дәлелі болуы тиіс;

- Университет өзінің барлық нормативтік және ішкі құжаттарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарында және күнделікті қызметінде Стандарт қағидаттарын ұстанатынын нақты әрі біржақты түрде көрсетеді.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		<i>НҚЖ- Нұр-Мұбарак</i>
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	<i>ЕИМУ -001-7-2025</i>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 9 беті

7. Академиялық адалдық

7.1. Адалдық-бұл білім беру процесіне және білім беру мекемелеріне қатысушылардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын, осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін кәсіби ортаны қалыптастыратын және нығайтатын құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге тұрақты міндеттемесі.

7.2. Университетте академиялық адалдықты ілгерілетудің негізгі критерийлері:

1) білім беру және зерттеу процесінің негізгі құндылығы болып табылатын Академиялық адалдық;

2) әдеп қағидаларының, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың Ар-намыс Кодексінің, ПОҚ және университет қызметкерлерінің академиялық адалдық Кодексінің ережелерін сақтау;

3) білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлерін плагиат тұрғысынан тексеру. Плагиатқа тексеру жүргізу ережелері мен тәртібі «Плагиатқа қарсы» рәсімімен айқындалған. Бұл қызмет электрондық форматта көрсетіледі, бұл «университет - білім алушы» өзара іс-қимыл жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға, білім алушылардың сұраныстарын шешудің тиімділігі мен жеделдігін арттыруға, қызметтерді алу уақытын едәуір азайтуға мүмкіндік береді;

4) университет студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының Ар-намыс Кодексіне сәйкес білім алушының академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;

5) оқу нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі шеңберінде білім алушыларға жоғары талаптар қою;

6) оқуды аяқтауға ең жақсы мүмкіндік беру;

7) дипломмен расталған кадрларды даярлау сапасына жауапкершілік;

8) профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексіне сәйкес Академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарын, өзара құрмет пен әділдікті сіңіретін тәлімгер ретінде оқытушының жоғары жауапкершілігін қамтамасыз ету;

9) академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау университеттегі барлық білім алушылар мен қызметкерлердің өзара күш-жігерінің нәтижесі болып табылатынын мойындау;

10) университеттің әрбір білім алушысы мен қызметкерінің Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау бойынша жүктелген міндеттемелерін адал орындауы.

7.3. Осы стандарт бойынша мынадай теріс қылықтар академиялық парасаттылық (адалдық) деп танылады: плагиат, алдау, қайталау, бұрмалау, жасыру, сөз байласу.

8. Антикоррупциялық комплаенс (антикоррупциялық мәдениет, ұжымдық этика)

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001-7-2025
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 10 беті

8.1. Адалдықты ілгерілету келесі қағидаттарға негізделеді:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау, талдау және жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізу;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүйелі негізде – жарты жылда бір рет бағалау;
3. тиісті жауапкершілік пен қажетті өкілеттіктер берілген ішкі антикоррупциялық бақылау қызметінің болуы – комплаенс-бақылау және сапаны қамтамасыз ету комиссиясы;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті процестерді жоспарлау, енгізу, талдау және басқару;
5. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару үшін қаржылық және қаржылық емес бақылау механизмдерін енгізу;
6. сыйлықтар ұсыну, беру немесе қабылдау, шығындарды төлеу, қайырымдылық төлемдері және басқа да материалдық пайда алуға жол бермеуге бағытталған рәсімдерді енгізу;
7. Университеттің комплаенс-бақылау және сапаны қамтамасыз ету комиссиясына немесе комплаенс-офицеріне (тікелей немесе уәкілетті үшінші тарап арқылы) адал ниетпен немесе негізделген болжаммен паракорлықтың немесе кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының болжалды немесе орын алған фактілері туралы хабарлауға мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізу;
8. сыбайлас жемқорлықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзудың немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі талаптарын бұзудың кез келген жағдайларын тергеу және шаралар қабылдау рәсімдерін енгізу;
9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нәтижелерін бағалау – жылына 1-2 рет антикоррупциялық мониторинг жүргізу;
10. Университеттің басқару процесіне студенттерді тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру және қолайлы әлеуметтік орта құру.

8.2. Университетте жүзеге асырылатын Жемқорлыққа қарсы комплаенс:

1. Университетте Сыбайлас антикоррупциялық комплаенс үшін жауапты комплаенс-офицер лауазымы енгізілген, ол университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмысын үйлестіруі тиіс;
2. Университетте сыбайлас жемқорлық фактілері мен антикоррупциялық заңнаманы бұзу жағдайларын қарастыратын Жемқорлыққа қарсы комиссия құрылған. Комиссияның тұрақты жұмысы келесі бағыттарды қамтиды:
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау, талдау және жетілдіру;
 - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау, комплаенс-тәуекелдерді мониторингтеу, болдырмау және талдау, соның ішінде Университеттің сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары қызмет салаларын зерттеу;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		<i>НҚЖ- Нұр-Мұбарак</i>
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	<i>ЕИМУ -001-7-2025</i>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 11 беті

- комплаенс-қауіптерді төмендету бойынша ұсыныстарды әзірлеу және талдау;
- заңнамалық және басқа да нормативтік актілер талаптарының, сондай-ақ адалдық, педагогикалық этика және антикоррупциялық мәдениет қағидаттарының сақталуын бақылау;
- білім беру қызметтерінің сапасын мониторингтеу;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізу, адалдық қағидаттарын сақтау және педагогикалық этиканы нығайту бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
- Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен келіп түсетін тауарларды, материалдық құндылықтарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу өтінімдерін қарау және олардың орындылығы мен мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау;

3. Университетте жалпы сипаттағы ішкі жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құжаттарын қабылданған: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары, Этика ережелері, Студенттердің, магистранттар мен докторанттардың Ар-намыс кодексі, ПОҚ және қызметкерлердің Академиялық адалдық кодексі, Сапа саласындағы саясат пен мақсаттар және басқа да ішкі нормативтік құжаттар;

4. Комиссия сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдап, жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді және оның нәтижелеріне сүйене отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлейді;

5. Университеттің HR саясаты меритократия қағидаттары мен кадрлық саясатта жақтаушылыққа жол бермеу негізінде жүзеге асырылады. Қызметкерлерді бағалау, конкурстық іріктеу және аттестациялау рәсімдері ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық тағайындау ережелерінде көрсетілген;

6. Университет қызметкерлерінің ғылыми және білім беру қызметін арттыру мақсатында ынталандыру және мотивация жүйесі әзірленген;

7. Білім беру сапасын арттыру мақсатында кері байланыс жүйесі енгізілген, ол келесі әлеуметтік зерттеулерді қамтиды:

- «Студент көзімен оқытушы»;
- «Жеке мекеме «Нұр-Мұбарак» ЕИМУ білім беру бағдарламасын ұйымдастыру сапасына қанағаттану деңгейі»;
- «Оқытушылардың құзыреттілігін бағалау»;
- «Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сауалнама»;
- «Таза сессия»;
- «ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу» және т.б.;

8. Академиялық ортада құқықбұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері:

- ✓ Университет сайты арқылы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау мүмкіндігі;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 12 беті

- ✓ Университет сайтындағы Проректор блогы арқылы академиялық ортада құқықбұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігі;
- ✓ Университет сайтындағы этика жөніндегі уәкіл мен антикоррупциялық қызметке жауапты тұлғаның блогы арқылы сыбайлас жемқорлық заңнамасының, Жарғының, Стандарттың, Этика ережелерінің және басқа да ішкі құжаттардың бұзылуы туралы хабарлау мүмкіндігі;
- ✓ Студенттер мен ПОҚ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнамалар жүргізу;
- ✓ Сенім телефонының жұмыс істеуі;
- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар өткізу.

8.3. Университет, оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылар құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезіндегі тыйымдар, шектеулер және міндеттемелер:

- 1) Оқытушы мен қызметкер адалдық пен зиялылықтың, мораль мен адамгершіліктің үлгісі болуы, сондай-ақ кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне, тәртіпсіздікке және жауапсыздыққа қарсы тұруы тиіс;
- 2) Оқытушы мен қызметкер студенттерді тәрбиелеуге, олардың білім алуына, мәдениетіне және патриотизмін қалыптастыруға ерекше мән беруі тиіс;
- 3) Оқытушы мен қызметкер сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұруы және оның алдын алу бойынша шаралар қабылдауы тиіс;
- 4) Оқытушы мен қызметкер өз кәсіби міндеттерін орындауда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаттарын ұстануы тиіс.
- 5) Оқытушы, қызметкер өз кәсіби қызметінде және әріптестері мен студенттердің бағасында адал және бейтарап болуға, олардың әсерінен тәуелсіз болуы керек, өз міндеттерін орындауда қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерін тоқтатуы қажет, сондай-ақ мұндай бұзушылықтардың өз тарапынан болуына жол бермеуі тиіс;
- 6) Оқытушы, қызметкер өз қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде ешқандай материалдық игіліктерді, қызметтерді және басқа да артықшылықтарды қабылдамауға міндетті;
- 7) Оқытушы, қызметкер қақтығыстардың пайда болуына жол бермеуі тиіс, егер олар пайда болса, оларды жою шараларын заңнамаға сәйкес қабылдауы қажет;
- 8) Оқытушы, қызметкер білім беру және басқа да қызметтерді орындау кезінде өз қызметтік жағдайын жеке пайда немесе үшінші тұлғалар үшін пайда алу мақсатында пайдаланбауы керек;
- 9) Оқытушы, қызметкер университеттің іскерлік беделін жоғары бағалап, университеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін әрекеттерге қатысудан бас тартуы керек, сондай-ақ оның

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 13 беті

абыройы мен беделін қаралауға тырысқан кез келген әрекеттерді тоқтатуы тиіс;

- 10) Оқытушы, қызметкер университет қызметкерлерінің жеке мәліметтерін негізсіз таратпауға міндетті;
- 11) Оқытушы, қызметкер ҚР Конституциясының, ҚР Еңбек кодексінің, ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарының, антикоррупциялық және басқа да заңнаманың талаптарын қатаң сақтауы керек;
- 12) Оқытушы, қызметкер ҚР заңдарымен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген құқық бұзушылықтарды жасамауға міндетті;
- 13) Оқытушы, қызметкер өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде ресми түрде таратуға жатпайтын қызметтік және басқа да ақпараттарды өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік және мүліктік емес артықшылықтар мен пайданы алу мақсатында пайдалануға міндетті емес;
- 14) Оқытушы, қызметкер өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтап, университеттің Жарғысын, Стандартын, Ішкі тәртіп ережелерін, Этикалық ережелерді, Академиялық адалдық кодексін және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын қатаң орындауы қажет.

8.4. Университет білім алушыларының міндеттері:

1.Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби біліктілікті меңгеруге және жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға ұмтылу;

2.Оқытушыны тұлға және адам ретінде құрметтеу, сонымен бірге оның қызметтік міндеттерін адал орындауына кедергі келтіретін жеке, мүліктік, қаржылық немесе өзге де мүдделерге негізделген кез келген әрекеттерден аулақ болу;

3.Білім алуға және білімді бақылаудың барлық түрлеріне адал қарау, оқудағы адалсыздықты, немқұрайдылықты және жауапсыздықты жол беруге болмайтын құбылыстар ретінде қабылдау;

4.Адалдықтың, мәдениеттіліктің және моральдың үлгісі болу, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік таныту және ең алдымен, өз тарапынан жемқорлыққа жол бермеу;

5.Жалпыға бірдей қабылданған этика, мораль және адамгершілік нормаларын сақтау, сондай-ақ Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың арнамыс кодексін, Жарғыны, Университеттің ішкі тәртіп ережелерін және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды мүлтіксіз орындау;

6.Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелетін теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтарға жол бермеу.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 14 беті

8.5. Университет қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді қабылдау кезіндегі міндеттері:

1.Сыбайлас жемқорлық фактілері, мүдделер қақтығысы, қызметтік міндеттерін орындау барысында жеке мүдделілік, жемқорлық әрекеттерге итермелеу және сыйлық алу туралы заңгерге немесе тікелей басшысына хабарлау;

2.Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

3.Әріптестер мен басшыларға олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін құқыққа қайшы өтініштермен жүгінуден бас тарту;

4.Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға итермелемеу және оған ынталандырмау;

5.Әріптестерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермеу және қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу мақсатында қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

6.Таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес пайда мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбау;

7.Егер қызметтік лауазым тікелей бағыныстылық немесе бақылаушылық қарым-қатынасты көздесе, жақын туыстық қатынастағы адамдар (ата-аналар, жұбайлар, аға-інілер, апа-қарындастар, балалар) арасындағы жұмысқа тағайындаудан бас тарту;

8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауға белсенді қатысу;

9.Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету;

10.Орындау үшін алынған бұйрықтың заңдылығына күмән туындаған жағдайда, бұл туралы тікелей басшысына дереу жазбаша түрде хабарлау;

11.Егер тікелей басшы мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

12.Мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының және олардың салдарының туындау себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған тұрақты шараларды қабылдау;

13.Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе олар атынан әрекет етуден аулақ болу;

14.Қызметтік жағдайды әріптестер мен студенттердің қызметтік емес мәселелерді шешудегі қызметіне ықпал ету үшін пайдаланбау;

15.Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мәжбүрлемеу;

16.Өзінің бағынышты қызметкерлері мен басқа да лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық заңнамасын бұзу фактілеріне жол бермеу және оны болдырмау;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 15 беті

17.Қызметтік міндеттерін орындау барысында әріптестер арасында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

18.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша толық шаралар қабылдау;

19.Бағынысты қызметкерлермен бірге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

20.Бағынысты қызметкерлер мен білім алушыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу.

Бұл ережелер университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады және барлық студенттер мен қызметкерлердің оларды мүлтіксіз орындауын талап етеді.

9. Жатақханаларда орындарды бөлу

9.1. Жатақханадағы орын тек бір оқу жылына беріледі.

9.2.Жатақханада комиссия бекіткен ереже бойынша орындар бөлінеді.

9.3. Студенттерге жатақханаларда орын беру «Жоғары оқу орындарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты мен регламентіне және «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жатақханаларында орын бөлу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Жатақхананы онлайн алу тәртібі:

- жатақханаға орналасу платформасында студенттер ЖСН, пошта және пароль арқылы тіркеледі;

- платформада студент туралы толық мәліметтер толтырылады (аты-жөні, курсы, мамандығы және мекен-жайы және т.б.). Егер әлеуметтік осал топтардың ішінен және шетелдік азамат сәйкесінше құжаттарды сканерлесе;

- студенттің ақпаратын енгізгеннен кейін толық ақпарат сұрыптау үшін комиссия мүшелеріне жіберіледі;

- комиссия мүшелері студенттерді жатақханаға орналастыру туралы шешімді келесі критерийлер бойынша қабылдайды:

А) әлеуметтік топтардың студенттері (жетімдер, мүгедектер);

Б) шетел азаматтары;

В) алыс аймақтардан келген студенттер;

Г) бірінші курс студенттері.

- комиссия мүшелерінің шешімінен кейін үміткерге орналасқан жері туралы ақпарат беріледі. Ақпаратта жатақхананың қабаттары, Бос орындар саны туралы деректер көрсетіледі;

- үміткер бөлмені таңдағаннан кейін 2 сағат ішінде төлем жасап, түбіртеккі жеке кабинетке жүктеуі керек;

- үміткер мынадай құжаттарды тапсырғаннан кейін жатақханада тұру шартын толтыруға жол беріледі:

А) жеке куәліктің көшірмесі;

Б) Өтініш (20-қосымша);

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		<i>НҚЖ- Нұр-Мұбарак</i>
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	<i>ЕИМУ -001-7-2025</i>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 16 беті

В) жатақхананың толық төленгенін растайтын түбіртек;

Г) медициналық тексерудің қорытындысы.

- түбіртек және тіркеуші чек, сондай-ақ жатақханада тұруға арналған шарт жатақханада одан әрі тұру үшін негіз болып табылады;

- бөлме кілттерін алу жатақхана әкімшілігі берген жолдамамен студенттің жатақханада тұрғаны үшін төлеген ақысы негізінде бекітіледі.

10. Қаржылық ресурстарды тиісті бөлу

10.1. Университеттегі қаржылық және бюджеттік рәсімдер Университеттің қызмет тиімділігін арттыруға, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

10.2. Университеттің қаржылық ресурстарды бөлуі халықаралық стандарттар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және штаттық саны, жалақы, тауарлар - материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу жөніндегі қабылданған нормативтерге сәйкес жүргізіледі.

10.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және тауарлар - материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу шығындарын жоспарлау мақсатында Университеттің қаржы комиссиясына Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен тауарлар - материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу бойынша өтініштерді қарау өкілеттігі жүктелген.

Комиссияның төрағасы – Аппарат басшысы.

Хатшы комиссия мүшесі болмайды. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс.

10.4. Қаржы комиссиясының отырысында Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен тауарлар - материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу туралы өтініштер қаралып, олардың сатып алу жоспарына енгізілуінің орындылығы мен қажеттілігі туралы шешім қабылданады.

10.5. Отырыс қорытындысы бойынша хаттама жасалады. Қаржы комиссиясының отырыс хаттамасы негізінде Университеттің даму жоспарына қажетті мәліметтер енгізіледі, Университеттің сатып алу жылдық жоспары жасалып, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу жүзеге асырылады.

10.6. Университет жүргізген барлық қаржылық операциялар толық және дәл есепке алынып, тіркелуі тиіс.

10.7. Қаржылық операциялар (төлем құжаттары) Университет проректорының келісімімен жүргізіліп, Университет қаржы комиссиясымен келісім жасалады.

10.8. Барлық төлем тапсырмалары тек тиісті құжаттар (қызметтік жазба, келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі, сәйкестік актісі, шот-фактуралар) қол қойылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

10.9. Университеттің қаржылық қызметін тәуелсіз аудиторлық ұйымдар мен арнайы мақсаттағы аудит жүргізушілер аудиторлық ережелерге сәйкес тексереді.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 17 беті

11. Гранттарды бөлудегі ашықтық

11.1. Университетте гранттарды бөлу процесінде ашықтық қамтамасыз етілген, ол білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) сапалы білім алу құқығының теңдігі;
- 2) білім беру жүйесін дамыту басымдылығы;
- 3) әр түрлі интеллектуалдық даму, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
- 4) білім беру жүйесінің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтар, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке тұлғаның еркін дамуы басым болуы;
- 5) адамның құқықтары мен бостандығына құрмет көрсету;
- 6) жеке тұлғаның білімін арттыру және дарындылықты дамыту;
- 7) білім берудің үздіксіз процесі, оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;
- 8) оқыту, тәрбие және даму үдерістерінің бірлігі;
- 9) білім беру жүйесінің басқару демократиялығы, білім беру қызметінің ашықтығы;
- 10) білім беру ұйымдарының әртүрлілігі меншік нысандары, оқу және тәрбие түрлері, білім беру бағыттары бойынша.

11.2. Жоғары білім алу немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босап қалған білім беру гранттарын тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға арналған білім беру грантын тағайындау ережелері» негізінде жүзеге асырылады.

11.3. Университеттің ресми сайтында «Жылдам сілтемелер - студенттерге» бөлімінде оқу процесінде босатылған гранттар туралы мәліметтер тұрақты түрде жаңартылып отырады.

11.4. Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда, гранттарды бөлу барысында сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған немесе осыған негізделген болжамдар айтқан қызметкерлерді жауапты қызметкерлер немесе университеттің жоғарғы басшылығынан қысым мен репрессиялық шаралардан қорғау қамтамасыз етіледі.

12. Жұмысқа қабылдау (конкурс, бос жұмыс орындары туралы мәліметтер)

12.1. Университетте кадр саясаты университеттің қажеттіліктеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлердің сандық және сапалық құрамын жаңарту мен сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 18 беті

12.2. Университет пен қызметкер арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі. Ғылыми-педагогикалық қызметкерлер (ПОҚ, ғылыми қызметкерлер) лауазымдарына орналастыру конкурс негізінде жүзеге асырылады және жоғары оқу орындарындағы ПОҚ және ғылыми қызметкерлер лауазымдарын конкурс негізінде алмастыру ережелері 2015 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің № 230 бұйрығымен бекітілген.

12.3. Конкурс пен қызметкерлерді бағалау келесі принциптер бойынша жүргізіледі:

1. Бағалау көрсеткіштерін таңдау - бағалау мақсаттарын, критерийлерін, бағалаудың жиілігін ескеретін көрсеткіштер жүйесі;

2. Квалификацияны бағалау - қызметтің осы түрін орындауға қажетті білімді анықтау;

3. Міндеттерді орындауды бағалау - қызмет нәтижелерін бағалау.

12.4. Сыбайлас жемқорлық пен неветизмнің алдын алу мақсатында, бос жұмыс орны болған жағдайда, Университет конкурс туралы хабарламаны Интернет-ресурстарда, соның ішінде рекрутингтік порталдарда, құжаттар қабылдаудың аяқталу мерзімінен кемінде екі апта бұрын жариялайды.

12.5. Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

4. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды сайтта жариялау;

5. Конкурс комиссиясын құру;

6. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтардан құжаттарды қабылдау;

7. Кандидаттардың бос жұмыс орындарына кандидатурасын қарастыру;

8. Кандидаттармен әңгімелесу жүргізу;

9. Конкурс нәтижелерін шығару.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысты конкурс құжаттарымен танысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс нәтижелеріне шағымдануға құқылы.

12.6. Қызметке қабылдау кезінде конкурс рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында келесі ішкі нормативтік құжаттар әзірленген:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университет қызметкерлерінің лауазымдық біліктілік сипаттамалары;

2. Университеттің ғылыми қызметкерлері мен ПОҚ лауазымдарына бос орындарға конкурс негізінде қабылдауды реттейтін ережелер, бұл ережелер іздеу, конкурс өткізу және қызметкерлерді бағалау рәсімдерін анықтайды;

3. Университеттің кадр саясаты.

12.7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мақсатында персоналды іріктеу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясат енгізілген:


5. персоналды жұмысқа орналастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес жүзеге асырылады;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті		НҚЖ- Нұр-Мұбарак
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылымдық ереже	ЕИМУ -001-7-2025
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		22 беттің 19 беті

6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзған қызметкерлерге тәртіптік шаралар қарастырылған;

7. қызметкерлердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілген, бұл негізсіз жазалау, кемсітушілік немесе тәртіптік жаза қолдану (қорқыту, оқшаулау, лауазымдық төмендеу, қызметке көтерілуге кедергі келтіру, ауыстыру, жұмыстан шығару, қорқыту және қудалау) жағдайларына жол бермеуді білдіреді.

Заңгер



Н.Абдығали